

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Табиғат бесігі» республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Табиғат бесігі» атты республикалық интернет-байқауын жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ұйымдастыру және қашықтықтан өткізу ережелері (бұдан әрі – Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: көркем шығармашылық арқылы білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

- табиғатқа деген ұқыптылық және ресурсты үнемдеушілік қарым-қатынасты тәрбиелеу;

- білім алушылардың шығармашылыққа қызығушылығын дамыту;

- балалардың назарын қоршаған ортаны қорғауға, табиғат ескерткіштеріне және Қазақстан мәдениетіне аудару;

- балалар мен жастардың эстетикалық деңгейін көтеру.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасының және ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

6. Байқау жұмыстары электронды түрде 2017 жылғы **25 қыркүйектен 20 қарашаға дейін** rumczdo@bk.ru поштасына қабылданады.

Ұйымдастыру комитетіне 2017 жылғы **20 қарашадан** кейін келіп түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары 2017 жылғы **30 қарашада** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

7. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды және пікірлер берілмейді.

8. Байқауға қатысу үшін төлемақы төленеді:

білім алушылар үшін - **1500 (бір мың бес жүз)** теңге.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733
ИИК KZ91856000005068448
БИК КСJBKZKX
Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит»

Төлемақының аталуы: «**Табиғат бесігі**» байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

Байқауға қатысу үшін runczdo@bk.ru электронды поштасына келесі құжаттарды міндетті түрде жіберу қажет:

1) төмендегі форма бойынша өтінім;

Қатысушының аты-жөні, тегі	Жасы	Облыс, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы, сыныбы, курсы	Байқаудың, номинацияның, жұмыстың атауы	Байланыс мәліметі (ұялы телефон, эл. адресі)	Жетекшінің аты-жөні, тегі (толық), егер бар болса, жұмыс орны мен қызметі	Жетекшінің байланыс мәліметі (ұялы телефоны, эл. адресі)
1	2	3	4	5	6	7

2) сканерден өткізілген төлемақы түбіртегі немесе төлем тапсырмасы;

3) электронды түрде (архивтелген) байқау жұмыстары.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары қатыса алады:

10. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1. «Күз келбеті» - сурет сулу байқауы. Сурет жұмысы кіші жас санаты: 7-10 жас аралығына арналған.

а) Байқауға кез келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) және түрлі сурет салу техникаларында (майлы бояулар, акварель, гуашь, қарындаш, түрлі-түсті қарындаш және т.б.) орындалған суреттердің фотолары қабылданады.

Суреттер ата-ана немесе педагог көмегінсіз жасалынып және төменгі бұрышында қатысушының аты-жөні көрсетілуі керек. Байқау жұмыстарын дайындау барысын кезеңмен суретке (4 суретке дейін) түсіріп, JPEG форматында электронды түрде жіберу қажет.

б) жұмыстың оң жақ шетінде автордың келесідей мәліметтері көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл атауы;

білім беру ұйымының атауы;

байқау және номинацияның тақырыбы;

автордың толық аты-жөні;

қатысушының жасы;

жетекшісінің толық аты-жөні және лауазымы;

суретте бейнеленген жыл құсының атуы.

в) бағалау критерийлері:

- суреттердің тақырып мазмұнымен сәйкестігі;

- жас санатының сақталуы;
- жұмыстың ұқыпты және таза орындалуы;
- суреттердің эстетикалық талаптарға сай болуы;
- суреттің нақты салынып, анық бояулармен боялуы;
- тақырыпты толық ашуы;
- жұмысты рәсімдеу сапасы.

2. «Табигатпен сырласу» - өлең құрау конкурсы. Өлең шумақтарын құрау жұмысы тек орта жас санаты: 11-15 жас аралығына арналған.

а) оқушылыр бұл конкурсқа өздері құрастырған күз мезгілі жайлы туындыларын ұсына алады.

б) жұмысты рәсімдеу талаптары: жұмыс мәтіні MS Word редакторлы мәтінінде жазылуы тиіс. Қаріп: Times New Roman; Қаріп өлшемі – 14; Жоғарғы өріс (верхнее поле): 2 см, төменгі өріс (нижнее поле): – 2 см; Сол жақ өріс (левое поле): - 2 см, оң жақ өріс (правое поле): – 1,5 см; Шегініс (абзац) – 1,25 см; Мәтін көлемі – А4 форматында, 1 беттен көп емес (автор туралы мәліметтерді қоса алғанда) болу шарт.

Жұмыс авторы туралы мәліметтерді парақтың оң жақ шетінде төмендегідей көрсетіледі:

- облыс, аудан (қала), ауыл атауы;
- білім беру ұйымының атауы;
- автордың толық аты-жөні;
- қатысушының жасы, сыныбы;
- жетекшісінің толық аты-жөні, лауазымы;
- тырнақша ішінде жазылған өлең атауы.

в) Байқауды бағалау критерийлері:

- өлең шумақтарының ұйқастығы;
- жеткізу тілі көркем, нақты болуы;
- жас санаттарының сақталуы;
- жұмыс Байқаудың тақырыбына және номинацияға сәйкес болуы;
- тақырыпты толық аша алуы;
- жұмысты рәсімдеу сапасы.

3. «Менің объективімдегі күз бейнесі» - тек жоғарғы жас санатының: 15-18 жас аралығындағы оқушыларға арналған **фотоколлаждар** конкурсы.

а) Байқауға қатысуға берілген тақырыпты ашатын сюжеті бойынша байланысқан фотосуреттер топтамасы (фотоколлаж) жіберіледі.

б) жұмысты рәсімдеу талаптары: Әрбір қатысушы қысқаша аннотациясы (суреттің мазмұны, орыны, фотосурет түсірілген уақыт) бар 6 фотосуреттен артық емес жұмыстанын жібере алады. Фотосуреттер файлы JPEG немесе PNG форматында болуы қажет.

в) Байқауды бағалау критерийлері:

- байқаудың тақырыбына және номинацияға сәйкестігі;
- орындалған жұмыстың күрделілігі және техниканы меңгеруі;
- материалдардың көркемдік және техникалық сапасы;
- байқауға ұсынылған фотосуреттердің сапасы;
- жас санатының сәйкестігі;

- жұмысты рәсімдеу сапасы.

11. Байқауға қатысуға байқаудың мақсаты мен талаптарына сәйкес келетін, бір немесе екі номинация бойынша, бірақ әр номинацияда бір жұмыстан көп емес жұмыстар қабылданады.

Төлемақы әр номинация бойынша өзіндік жұмыстар үшін жеке-жеке жүргізіледі.

12. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

13. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

14. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен **2017 жылдың 30 қарашасында** орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 72-98-99.

Конкурсқа жауапты: ғылыми-техникалық бағыты бөлімінің әдіскері – **Қалибеков Саят Манарбекұлы.**

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі: www.ziyatker.org → **Қашықтықтан өткізілетін республикалық интернет-байқаулар** → «Табиғат бесігі» республикалық интернет-байқауы → **жалғасы** (далее) → **Сертификаттар** (Дипломдар, Алғыс хаттар) → **Жүктеу** (өзіңіздің аты-жөніңіз жазылған файлға).